



FTAMP 16.01.07

ТӨР ТІЛДІҢ ТҮП-ТӨРКІНІН ТІРІЛТКЕН ҒАЛЫМ

Нұрдәулетова Б.И.

*Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан,
Ақтау*

E-mail: nurdauletova@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0002-6911-6509>

Аңдатпа. Академик Р.Сыздықтың қазақ тіл білімін қалыптастырып, дамытудағы ұшан-теңіз еңбегінің бір саласы – көне сөздердің этимологиясын зерттеумен байланысты. Алдымен, көне сөздерге не жатады, аты айтып тұрғандай, көнеріп, «қолдануға жарамсыз болып, қатардан шыққан» сөздерді зерттеу қазақ әдеби тілінің болашағына не береді? . Р.Сыздық еңбектерін зерттеу барысында біз осы сұрақтардың жауабын талқылайтын боламыз. Р.Сыздық еңбектерінде «көне сөздер» қазақ әдеби тілінің жеке құрылымдық бөлігі ретінде арнайы статусқа ие болады, көне сөздердің этимологиясын зерттеу тек лингвистикалық қана емес, тарихи-этнографиялық, тіпті этногенездік (тілдердің төркіндестігі, туыстығы туралы) те ақпарат береді.

Бұл мақаланың мақсаты – ғалымның «Сөздер сөйлейді», «Сөз құдіреті», «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар» еңбектеріндегі тарихи-этимологиялық, тарихи-лексикологиялық зерттеулерге талдау жасап, қазақ әдеби тілінің қалыптасуында көне сөздердің орнын анықтау, қазіргі көркем әдеби тілде дұрыс қолданылуына баға беру. Мақалада Р.Сыздық зерттеулері негізінде батырлар жыры мен ғашықтық жырларда, XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулардың поэтикалық мәтіндерінде, мақал-мәтелдерде, тұрақты сөз тіркестері құрамында кездесетін, қазіргі тілдік ортаға түсініксіз сөздер мен сөз тіркестерін зерттеудің теориялық-практикалық мәселелері қарастырылды. Көне сөздерді зерттеу Р.Сыздықтың «ауызша тараған қазақ әдеби тілі» концепциясын ғылыми дәйектеуге үлес қосады.

Түйін сөздер: Рәбиға Сыздық, көне сөздер, этимология, «Сөздер сөйлейді», тарихи-этнографиялық, батырлар жыры, жыраулар поэзиясы.

Маңғыстау жыраулық мектебінің XX ғасырдағы аса талантты өкілдерінің бірі Сәттігүл Жанғабылұлы Қожа Ахмет Ясауиді «туына жұртын түнеткен», «жеті өлікті тірілткен» деп дәріптейді. «Жеті өлікті тірілту» әулиеліктің ең жоғарғы сатысын меңгерудің бір белгісі болса керек (Нұрдәулетова, 2008: 143).

Пәруар пірдің басшысы –

Қожа Ахмет Ясауи

Түркістанда бұ да өткен.

Туына жұртын түнеткен,

Зікірін айтып зарланып,

Пікірін бізге мұра еткен.

Кереметін асырып,

Жеті өлікті тірілтіп,

Мұсылманға қайыр-дұға еткен (Сәттігүл Жанғабылұлы).



Ұлттың, халықтың рухани, тіпті материалдық та байлығының, болмысының бір өлшемі – тілі десек, тілдің семік шалып, өле бастаған (сөздердің қолданыстан шығып, ұлтқа керексіз боп қалуы да өлгенмен тең) «ағзаларына» қайта жан берген Р.Сыздықтың еңбегін «жеті өлікті тірілткен» пірлердің қасиетімен салыстыруға әбден болатын сияқты.

Тілдің көне, ескі мұраларды сақтаушы, жеткізуші екендігіне ден қойған зерттеуші: «...ертеректен ауызша сақталып келе жатқан мақал-мәтелдердегі, өсиет-ақыл сөздеріндегі, тұрақты сөз тіркестеріндегі, ертеде жырланып, бүгінгі бізге жеткен өлең-жырлардағы, яғни өте бай ауыз әдебиетіндегі, XV-XIX ғасырларда жасап өткен жыраулар мен ақындардың өлең-толғауларындағы көне, ескі, бейтаныс сөздерді талдау мәдени мұраны іздеуде көп материал береді. Айталық «ел, жұрт» мағынасындағы күн сөзінің, «май» мағынасындағы жау сөзінің, ... «толқын» мағынасындағы қом сөзінің ескі жырлар мен қос сөздердің және тұрақты сөз тіркестерінің құрамында сақталуына қарап, бүгінгі қазақ тілі өте көне замандардағы бабаларымыз – көне түркілер тілінің жалғасы екендігін көреміз» (Сыздық, 2009), – деп жазады.

Біз түсінікті болу үшін «көне сөз» деп атағанымызбен, Р.Сыздықтың этимологиялық зерттеулеріне нысан болған сөздер – «батырлар жырлары мен лирикалық эпостарда, XV-XIX ғасырларда өмір сүрген жыраулар тілінде, бағзы заманнан келе жатқан мақал-мәтелдерде, фразеологизмдер құрамында» ұшырасатын, қолданыстан шығып қалған немесе қазіргі сөзтұтынушылар түсіне бермейтін, мағынасы күңгірт тартқан немесе жиі айтылатын, бірақ қазіргісінен мүлде өзгеше мағынада жұмсалатын сөздер. Зерттеуші бұндай ерекше статуска ие тұлғаларды «ескіліктер» деп атап, оларды көнерген сөздер (архаизмдер), ескірген сөздер (историзмдер) деп екі жікке бөліп қарастырады.

Айталық, автордың «Сөздер сөйлейді» (Алматы, 2004) еңбегінде 300 сөз талданған, оның ішінде жеке реестермен 243 сөз, басқа сөздерді талдау үстінде әңгіме етілген 57 сөз бар. Талданған 240 сөз – батырлар жырлары мен лирикалық эпостардан, XV-XIX ғасырларда өмір сүрген жыраулар тілінен, 3 сөз – XVI ғасыр ескерткіші Қадырғали би Қосымұлының «Жами'ат-тауарих» еңбегінен алынған көнеліктер, 3 сөз Абай тілінен алынған, қалған 54 сөз түпкі мағыналары күңгірт тартқан қолданыста бар тұлғалар (мақал-мәтел, тұрақты тіркес т.б. құрамында). Автор түркі, моңғол тілдерінің этимологиялық, диалектологиялық, фразеологиялық, салыстырмалы, түсіндірме сөздіктеріндегі, көне түркі жазба ескерткіштеріндегі, түркітанушы ғалымдардың, тарихшылардың, этнографтардың, фольклортанушылардың зерттеулеріндегі мәліметтерге сүйеніп, 300 сөздің түп-төркінін жан-жақты саралап, 210 сөзді – түркілік негізді, 39 сөзді –



түркі-моңғолға ортақ, 14 сөзді – араб, 37 сөзді парсы тілдерінен енген деп көрсетеді. Яғни қазақ сөздік қорындағы көнеліктердің 70 пайызы – көне түркі, 13 пайызы моңғол мен түркі тілдеріне ортақ сөздер. Сонда қазіргі қазақ тілді тұтынушының назарынан тыс қалып, мағынасы күңгірттеніп, өмір сүру қабілеті әлсіреген сөздердің 83 пайызы күні кеше ғана ата-бабамыздың аузында жүрген өз сөздеріміз екен.

«Сөз дегендер де «тірі дүниелер» іспетті, яғни тарихи құбылыс атаулары, демек, сөздердің де не мағынасы, не тұлғасы, не қолданыс орны өзгеріп жатады. Бүгінгі адамдар санасы өсіп, әр халық өз тарихының бұрынғы-соңды құндылықтарын мейлінше түгендеп, зерттеп-зерделеп жатқан күндерде «ескірген», тіпті әбден «көнерген» дүниелерді де теріп-жинап алып, таным-ғылым дүниесіне, мүмкіндігі болса, қоғам тірлігіне (тіліне) алып келудің қажеттігі туып отыр», – дейді көне тілдің бапкері. Шындығында да, сөздің мәнін дұрыс ұқпағаннан небір сорақы қателіктерге ұрынатынымызға апайдың еңбегінен бір-екі мысал келтіре кетейік.

«Үш ғасыр жырлайды» жинағында Шал ақынның «Бала пайдакүнем болар, Жалшы *жәреуке* болар» деген жолдары «Бала пайдакүнем болар, Жалшы *жауынгер* болар» (Сыздық, 2009: 17) деп қате берілген. Себебі өлеңді бастырушы редактор *жәреуке* сөзінің мәнін ұқпаған немесе араб әрпінен қате оқыған. *Жәреуке* сөзі «Сөздер сөйлейді» (Сыздық, 2004: 91-92) кітабында «Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырында кездесетін «адамға жағынғыш, қызмет етуге даяр адам» мағынасындағы көне сөз ретінде түсіндірілген. Сөйтіп, жағымсыз реңкі бар *жәреуке* сөзі *жауынгер* деген жағымды мәнге ие болып шыға келген. Контекстегі мағыналық параллель бұзылған (пайдакүнем, *жәреуке* – екеуі де жағымсыз).

«Әр ханның тұсында бір сұрқылтай» деген нақыл сөзді жағымсыз мәнде қолданып жүргендер (қарапайым тіл тұтынушылары ғана емес, қаламгерлер де) *сұрқылтай* сөзінің «сұрқай, сұмырай» сөздерімен тұлғалық ұқсастығынан (Тіл білімінде *параномиялық аттракция* деп аталады. Р.С.) шатасып жүрген болуы керек. Р.Сыздықтың түсіндіруінше, *сұрқылтай* сөзінің түбірі моңғолдың *сурульдай* – «ханның кеңесшісі, ақылшысы, оның сөзін сөйлейтін ділмары, ақыны» (Сыздық, 2009: 21) дегенді білдіреді. XIX ғасырдағы Тезек төренің Сүйінбай ақынға:

Тұсында Абылайдың Бұхар жырау,
Хан Әділдің кезінде Түбек тұр-ау.

«Әр заманның бар» дейді «сұрқылтайы»,

Сұрқылтайым менің де екен мынау! – дегенінде де *сұрқылтай* «ханның, төренің ақылшысы, кеңесшісі» деген мағынада (Сыздық, 2004: 169-170). Яғни *сұрқылтай* деп сүйкімсіз, сұмырай адамдарды емес, ханға кеңес берерлік ақылды, білімді адамдарды айту керек. Ал жазушы Қ.Ысқақовтың «Тұйық» романының



кейіпкері Қажымұрат екінші кейіпкер Қияқмұрт туралы: «Ойпыр-ай, бұл сұрқылтайдың да жаны сірі екен, таңнан қара кешке дейін нәр татпай іздейтіні ілік», – дейді (Сыздық, 2004: 170).

Кейде мағынасын бес саусақтай білем деп жүрген дағдылы қолданыстағы сөздердің өзі Р.Сыздықтың ізденісінде мүлде басқа қырынан көрініп, таң қалдырады. «Қыз Жібек» жырында өліп бара жатқан Төлеген аспандап ұшқан б қазбен қоштасып:

Қонар болсаң, жануар,

Міне *майдан*, міне *саз*, – дейді. Аспанда ұшып жүрген қазға саз балшық пен майдан (соғыс) алаңының не қатысы бар деп қазіргілер түсінбеуі мүмкін.

Зерттеушінің айтуы бойынша, *майдан* да, *саз* да «көгал, көк шөп өскен жер» деген мағына береді. Парсы тілінен енген *майдан* сөзінің бастапқы «көгал, көкорай шалғын» деген мағынасы көмескіленіп, екінші «ұрыс-соғыс алаңы» деген мағынасы ғана сақталып қалған. *Саз* сөзінің көне мағынасы – «көк шөп өскен жер». «Сары ағаш сазға біткен секілденіп, Қай жерде отыр екен бұраң белім!» деген халық әніндегі саз да – «көк шөпті жер». Саз балшыққа шөп те, ағаш та шықпайтыны белгілі.

Көне сөздің білгірі өзінің сан салалы зерттеу лабораториясының әр кезеңдерінде (қазақтың әдеби тілі, оның қалыптасу, даму тарихы, әдеби тілдің нормалануы, орфографиясы мен орфоэпиясы, жазу емлесі, графика мәселесі, түркітану мәселелері, поэтикалық тіл, қазақ көркем шығарма тілінің мәселелері, қазақ әдеби тілінің қалыптасуындағы тұлға тілінің орны т.б.) көне сөздер этимологиясын зерделеуге айналып соғып отырды. Аузы дуалы түркітанушы, этимолог ғалымдардан бастап, түркі сөздерінің түп тамырын зерттеуге ден қойған кез келген ізденушіге дейін қолдан түсірмейтін «киіз кітабына» айналдырған «Сөздер сөйлейді» еңбегінің алғашқы нұсқасы жарық көрген 20 ғасырдың 80 жылдарынан кейін 21 ғасырдың алғашқы 10 жылдығында автордың көне сөздердің көркем шығармадағы қолданысын талдауға арналған «Сөз күдіреті» (Алматы, 2005) көне сөздерді танып, жинап, жүйелеп, зерттеудің теориясын түсіндіретін «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар» (Алматы, 2009) атты монографиялық еңбегі жарық көрді.

Айтып өткеніміздей, бұл еңбектер көне сөздерді мәтіннен сүзіп алып, мағынасын түсіндіріп қоймайды, енді көне сөздерге дербес тарихи-тілдік категория ретінде статус беріп, олардың қазақ қаламгерлерінің шығармалары арқылы оқырманға жеткізілуін талдап, таразылап, ерекше сөздердің мәтіндегі мағыналық, көркемдік, прагматикалық қызметіне баға береді, сөздерді көне деп танудың критерийлерін ұсынады, көне сөздерді танып-білудің жолдарын көрсетеді, көне сөздердің ерекшеліктеріне, түрлеріне теориялық түсінік беріп, олардың кездесетін орындарын, қолданыс аясын, түп-тамырын іздеудің әдістерін, қазіргі тілдің дамуындағы орнын, көнеру уәждерін талдаған ғылыми пайымдауларымен бөліседі. «Бөліседі» деген сөзді кездейсоқ алып отырған жоқпыз, қазақ тіл білімінің корифейі, сөзтанушы ғұлама ғалым «бұны мен ғана



танып, тауып отырмын» деген астамшылыққа (көп білетін адамдарға тән эгоизмге) берілмей, қарапайым оқырмандарымен ой бөлісіп, кеңесіп отырғандай сөз саптайды. Кейде «бұрынғы талдауларымда былай деген екенмін, ол дұрыс емес» деген сияқты кішілік танытып, «біздің барлық пікіріміз бастан-аяқ дұрыс деуден аулақпыз. Кейбір ізденістеріміз әрі қарай қарастыра түсуді, ғылыми дәлелдерді көбірек қамтуды керек ететінін сеземіз. Сөйте тұра ұсыну себебіміз – өзге зерттеушілерге ой салуды көздеуімізге, ана тіліміздің барша байлығын айқындай түсуге жол ашуды ниет етуімізге байланысты» (Сыздық, 2004: 8), – деп, кішілік танытып жатады.

Р.Сыздық көне сөздерді батырлар жырынан, жыраулар поэзиясынан, мақал-мәтелдерден, фразеологизмдерден, қос сөздерден, тұрақты тіркестерден, ғылыми-танымдық еңбектерден, жергілікті тіл ерекшеліктері мен қазақ жазушыларының көркем шығармаларынан іздеу қажеттілігін айтады. Өзінің зерттеулері де аталған көздерден сандаған жылдар бойы тірнектеп жиған материалдарына негізделген. Ғалымның қазақ әдеби тілі тарихының ең сүбелі (тілдік әлеуеттілігі жөнінен) кезеңдерінен (жыраулар поэзиясы, көне түркі жазба ескерткіштері, Қ.Ясауи, Қ.Жалайыри, Абай, М.Әуезов т.б. шығармаларының тілі) қадау-қадау сөз зергерлерін алып, бір автордың қаламынан туған көркем туындының тілін оның арғы-бергі даму, қалыптасу көздерімен, өнеге өрнек алған мектебімен, кейінгіге ұласқан дәстүрлік орнымен тұтас алып қарастырған жүйелі зерттеулері де этимологиялық талдауларға орасан зор пайдасын тигізгені сөзсіз. Мысалы, Р.Сыздықтың жинаған тілдік деректерінен сирек қолданылатын «*Иттің аузына түскен сүйек соқта болады*», «*Киікті құралай бүлдірер, елді дүрегей бүлдірер*», «*Құдалық белгісі – сыйыт, қоныс белгісі – бейіт*», «*Сүтке сүт қосылса, сүмесін болады, сөзге сөз қосылса, демесін болады*», «*Жегенін білмейтін шұнай, жұтқанын білмейтін құмай*», «*Құдайдан тілегенім қолаң қара шашты еді, Құдайдың өзі берді қу толағай бастыны*» т.б. мақал-мәтел, нақыл сөздерді кездестіруге болады. Осындағы *соқта* («ұсақталып, нығыздалған, жұмбадалған зат»), *сүмесін* («ас, тағам»), *дүрегей* («иттің ерекше түрі»), *сыйыт* («сый-сияпат»), *толағай* («тақыр, қу бас») сөздерін екінің бірі түсіне бермейді.

Р.Сыздық зерттеулері арқылы жеке тілдік категория статусын алған *көне сөздер* аталған ғылыми еңбектерде тақырыптық, тұлғалық, мезгілдік тұрғысынан да талданған. Жалпы мағынасы түсінікті, бірақ сирек қолданылатын, морфологиялық тұлғасы қазіргі тілден өзгешелеу *бойға жеткен* (бой жеткен), *даңға шығу* (даңқы шығу) сияқты қолданыстар – тұлғалық көнеліктер, ХХ ғасырдың алғашқы он жылдығында тілімізге жаңалық боп енген *бейбауырмал* (интернационал), *ортақшылдар* (коммунистер), *қара айғыр* (паровоз) т.б. жаңалықтан ескілікке ауысқан *аралық*, *мезгілдік көнеліктер* деп сипатталады. Сондай-ақ, көнеліктердің бірқатарын қару-жараққа, киім-кешекке, отан, ел-жұрт, мемлекет ұғымдарына қатысты атаулар деп тақырып жағынан жіктейді.

«Жергілікті, көне, сирек кездесетін сөздерді мейлінше таңдап, іріктеп, әдеби тіл кәдесіне жарату бүгінгі таңдағы қазақ тілі үшін жат құбылыс емес, шеттетер



әрекет емес. Бірақ әңгіме – қалай жаратуда...» – деп өзі көрсеткендей, Р.Сыздық аталған көнеліктерді тілдік дерек ретінде тізбелеп, мағынасын түсіндіріп қоюмен ғана шектелмейді, тарихи тілдік қорымыздың біраз бөлігін қамтитын ерекше қолданыстардың қазақ әдеби тілінің функционалды саласындағы орны қандай деген мәселені де үнемі назарда ұстайды. Әр кездерде ғылыми жинақтарда, мерзімді баспасөзде жарияланған мақалаларында қазақ қаламгерлерінің сол тұста жарық көрген көркем туындыларын қалдырмай оқып, сөзсаптау, сөзқолдану, әсіресе, диалект және көне сөздерді орынды қолдану мәселелеріне қатысты талдау жасап отырған. Уақыт, адам, қоғам өзгеруімен бірге тілдің де жаңарып, жасарып, қайта түлеп, жаңғырып отыратыны шындық. Бірақ бұндай жаңалықтар тілдің аясын тарылтуға емес, керісінше өрісін кеңейтуге қызмет жасауы тиіс. Ұлт тілінің үлкен білгірі қазақтың көркем тіліндегі оң қолданыстарды қолдап, теріс теңеулерді сынға алып, жөн сілтеп отырады. Қазіргі «қазақтың көркем әдебиет тілі ескірді» деп жүрген заманауи блогерлер Р.Сыздықтың лингвистикалық мұрасын мұқият оқып шықса, қазақтың қолданыстан шығып, қажет болмай қалған сөздерінің өзі қандай білімдік, тарихи-танымдық әлеует арқалап тұрғанын білер еді.

XX ғасырдың орта тұсында қазақ тілші ғалымдары арасында «қазақтың әдеби тілінің тарихын қай кезеңнен бастаймыз?», «әдеби тіл болу үшін оның жазба нұсқалары болуы шарт па?» деген мәселеде біраз уақыт пікірталас болғанын білеміз (Сыздық,). Қазақ әдеби тілінің тарихын XIX ғасырдың екінші жартысындағы Абай мен Ыбырайдан бастау керек деген көзқарастар да болды. Рәбиға Сыздықтың қазақ әдеби тілі тарихының өте әріден басталатынын дәлелдейтін «ауызша дамыған қазақ әдеби тілі» (Сыздық,) концепциясынан кейін ғана бұл пікірталастарға нүкте қойылды. Рәбиға Сыздықтың тарихи-этимологиялық зерттеулері осы концепцияны нақты тілдік фактілер мен тілдік құбылыстар арқылы ғылыми негіздеуге үлкен үлес қосты.

Әдебиеттер:

1. Нұрдәулетова Б.И. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалды бейнесі. Астана: Нұра-Астана, 2008. – 432 б.
2. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. Алматы: Арыс, 2004. – 232 б.
3. Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Алматы: Арыс, 2009. – 272 б.
4. Сыздық Р. Сөз құдіреті. Алматы: Атамұра, 2005.